



«KAZENERGY» АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ ГРАНТЫН АЛУҒА КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ



**Жоғары оқу орындарында оқу үшін 2024–2025 оқу жылына грант алуға
конкурстық іріктеу туралы хабарландыру**
(жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен, тел.: 8 7172 794975, www.kazenergy.com)

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін құжаттарды қабылдау және тіркеу ағымдағы жылдың 20 шілдесінен бастап жүзеге асырылады.

Электрондық өтінімді grant.kazenergy.com сайтында жоғарыда көрсетілген мерзімде толтыру қажет.



Конкурсқа қатысу шарттары *:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы.
- 2) Оқу орнына шартсыз қабылдау немесе оқыту (білім алушыда қаржылық берешек болмаған кезде).
- 3) Үлгерімінің келесі көрсеткіштерге сәйкестігі:
 - 80 балл және одан жоғары ҰБТ/КТ сертификаты;
 - диплом бойынша кандидаттың үлгерімінің орташа балы бакалавриаттың 1 (бірінші) курсына түскен адамдар үшін кемінде 4,0 (5,0-ден);
 - бакалавриаттың 1 (бірінші) курсы аяқтаған үміткерлер үшін GPA кемінде 3,0 (B);
 - бакалавриаттың 2-3 (екінші, үшінші) курстарын аяқтаған кандидаттар үшін GPA кемінде 3,33 (B+);
 - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кез келген курсына оқитын кандидаттар үшін GPA 3,33 (B+) кем емес.

Қажетті құжаттар тізімі:

- 1) Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) көрсетілген жеке куәліктің/туу туралы куәліктің/паспорттың көшірмесі.
- 2) Алдыңғы білім алғанын растайтын құжаттың және үлгерім балының (ҰБТ/КТ сертификатының не дипломының) көшірмесі – 1 (бірінші) курсқа түскендер үшін және білім алушылар үшін – алдыңғы оқу жылы үшін GPA көрсетілген транскрипт (білімді бағалаудың өзге жүйесі болған жағдайда, бакалавриаттың 1 (бірінші) курсы аяқтағандар үшін кемінде 3,0 (B) GPA-ға баламалы үлгерім туралы оқу бөлімі куәландырган анықтаманы ұсыну; бакалавриаттың 2-3 (екінші, үшінші) курсы аяқтаған адамдар үшін кемінде 3,33 (B+), сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің барлық курстарында оқитын адамдар үшін GPA кемінде 3,33 (B+).
- 3) Отбасы құрамы туралы анықтама (тек көп балалы отбасылар үшін).
- 4) Көрсетілген санаттардың біреуі (немесе бірнешеуі) бар болған жағдайда оларды құжатпен растау: аз қамтылған және (немесе) толық емес отбасы, мүгедектігі бар тұлға және жетім бала (жетім балалар).
- 5) Қол қойылған (оқу орнының ресми бланкісінде немесе мөрмен расталған) оқуға қабылдау туралы/оқу туралы анықтама (Заңды тұлғалардың төлеуі үшін 1 (бір) оқу жылындағы оқу құны, оқу курсы мен нысаны, қаржылық берешегінің жоқтығы көрсетіледі).
- 6) Конкурстарға, олимпиадаларға және т. б. қатысу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болса).

* Жұмыс органы және (немесе) Комиссия қосымша құжатты сұратуға құқылы. 2024-2025 оқу жылы өтінімдер Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтары мен біліктіліктерге, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім кадрларын дайындау бағыттарының тізіміне (бұдан әрі - Тізім) сәйкес қабылданады. Тізімге кірмеген мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша 2023-2024 оқу жылында қаржыландырылған студенттер байқаудың барлық критерийлеріне сәйкес келген жағдайда байқау іріктеуіне қатыса алады.

Конкурсқа қатысты кез келген сұрақтар бойынша төменде көрсетілген байланыс деректері бойынша хабарласыңыз: +7 7172-79-49-75 немесе e-mail: candidate@kazenergy.com Толымбекова Виктория Андреевна